

4. Нечаева, А.М. К разработке Закона СССР о правах ребенка [Текст] / А.М. Нечаева, А.М. Белякова, Е.В. Кулагина. // Правоведение. – 1990. – № 2. – С.53-60
5. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995
6. Бычкова С.Ф. Перспективы развития. - Алматы, 2006. – С.34.
7. Каржаубаева Л.М. Преступность несовершеннолетних в Республике Казахстан. М. 2009

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ЖАҚСARTУ БАҒЫТТАРЫ

*Жагалов Р.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ азаматтық және еңбек құқығы
кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.*

Жамау Н.Б академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің 4 курс студенті

Қазақстанда құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамытудың маңыздылығы ерекше. Себебі, құқықтық сана мен мәдениетті дамыту арқылы еліміздің алға қойған мақсаттарына жетуге бір қадам болсын жақындай түсеміз. Мақсаттарға жету үшін «Рухани жаңғыру», «Қазақстан - 2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» ұлт жоспары секілді бағдарламалар бекітіліп, жүзеге асырылуда. Елбасымыз айтқандай: «Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады!». Сондықтан, Қазақстандағы құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы жақсарту — ұлы халқымыздың жаңа деңгейге көтерілуінің және дамыған елдердің қатарына қосылуының кепілі болып табылады.

Мәдениет дегеніміз – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Ал сана дегеніміз – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғары нысаны және адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің, яғни түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлаудың, заңды нәтижесі болып табылады. Бұл екі сөзге құқықтық сипат берер болсақ, «құқықтық мәдениет» және «құқықтық сана» деген ұғымдар қалыптасады.

«Мәдениет» сөзі қазақ тіліне арабтың «маданият» - қала, қалалық деген сөзінен енген және мәдениет – адамның қолымен, санасымен жасалған барлық құндылықтар жүйесі. Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі - құқықтық мәдениет болып табылады. Сана жеке адамның санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді. Ал, қоғамдық сана құрамдық жағынан алып қарағанда саяси, көркем, теориялық, кәдімгі, эстетикалық, діни, атникалық және т.б. түрлерге бөлінеді. Құқықтық сана да қоғамдық сананың бір түрі болып табылады.

Сонымен, құқықтық мәдениет дегеніміз – белгілі бір мемлекеттік діни, этникалық қауым мүшелері қабылдаған, олардың қызметін реттеу үшін пайдаланылатын құндылықтар, құқықтық идеялар, наным-сенімдер, мінез-құлық қалыптары, құқықтық дәстүрлер жүйесі. Ал, құқықтық сана дегеніміз – тұлғаның қолданыстағы немесе қабылданатын құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылады.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары: бірінші — халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші — сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші — қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру. Құқықтық сана-сезім — нормативтік актілердің негізгі, қоғамдағы қатынастарды дұрыс реттеуші, басқарушы күш. Ол құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, дұрыс орындалуына және оның болашағын дұрыс болжауға өте зор әсер етеді. Құқықтық сана-сезімнің ерекшеліктері:

- құқықтық сана-сезім қоғамдағы тек нормативтік актілер мен құбылыстарды, қатынастарды бейнелейді. Ол жаңа нормалардың қабылдану және олардың процесін қамтиды. Саяси, моральдық, ұлттық т.б. көзқарастар құқықтық сана-сезімге әсер етіп, құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, орындалуына ықпал етеді;

- қоғамның даму процесін, құбылыстарын сана-сезім құқықтық тұрғыдан сезініп, сол позициядан қорытынды тұжырымдар жасап, баға береді, мысалы: құқықтық қатынас, құқықтық жауапкершілік, құқықтық тәртіп т.б.[1].

Бұл екі ұғымның қатар аталуының себептері:

1) құқықтық мәдениет, құқықтық сана және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасы;

2) құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланысты және содан негіз алып дамиды, жетіледі;

3) азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны басқалардың және мемлекеттің мүддесіне нұқсан келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың негізінде жүзеге асырылады;

4) құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының айнасы деуге болады;

Бұл жерде құқықтық тәрбие дегеніміз – қоғам мүшелерінің құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің көрінісі болып табылады [2;141]

Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтуге болады:

1. Бәсекелік қабілет
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі [3].

Қазақстанда құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы жақсартудың, дамытудың негізгі мақсаты – құқықтық мемлекет қалыптастыру болып табылады.

Қазақстанда құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамытудың, жетілдірудің негізгі бағыттары:

- қоғамның құқықтық сана-сезімін дамыту;
- құқықтық шығармашылықты жақсарту;
- мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату және оларға қатаң бақылау жүргізу;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының нәтижесінде халықтың рухани және материалдық мүдделерінің орындалуын жақсарту;
- мәдениеттің жетістіктерін қорғау;
- тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу: инабаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіптілік, еңбекшілдік, діни және т.б.;
- мемлекет аппаратындағы қызметкерлердің мамандық, білім сапасын көтеру;

Қазіргі кезде азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда құқық қорғау органдары, соның ішінде ішкі істер органдары үлкен рөл атқарады. Алайда, ол үшін полиция қызметкерлерінің өздері де құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейінде болуы тиіс. Сол себепті ішкі істер органдары қызметкерлерін, нақты ұйымдастырылған құқықтық тәрбие жұмысы нәтижесінде, жоғары адамгершілік сапасын айқындауға, олардың ұйымдастырушылық және тәртіптік деңгейін көтеруге, борыштық сезімін нығайтуға және кәсіби мәдениетті қалыптастыруға тарту керек [4;37].

Сонымен, қоғамдағы құқықты дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін құқықтық сана-сезімнің маңызы өте зор. Бұл сана-сезімді қоғам көлемінде дамыту керек, әсіресе заңгерлердің, органда қызмет атқаратын азаматтардың білімі, тәжірибесін, сана-сезімін көтеруді қажет етеді. Сонда ғана қоғамда заңдылық, құқықтық тәртіп болады. Заңи білім құқықтық сананы қалыптастыруда үлкен рөл атқарады, бірақ ол құқықтық мәдениеттің деңгейін дамытудың алғышарты

ғана болады. Халықтың, әсіресе заңгерлердің белсенділігі үш түрлі, үш деңгейде болады: біріншісі — құқықтың субъектілері өзара қатынасты тек дұрыс басқарып, жаңалыққа ұмтылмау — сылбыр, енжар деңгейі; екіншісі — эвристикалық деңгей — құқықтың субъектілерінің жаңалыққа талпынып, мәселені шешудің жолдарын табу; үшіншісі — интеллектуалдық деңгей — жаңалықты ашуда үзілістің болмау, жоғары дәрежеде белсенділікті көрсету. Белсенділіктің соңғы екі түрі құқықтық сана-сезімнің дамуына өте зор әсер етеді. Құқықтық сананың мазмұны әр таптың, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты. Құқықтық сана халықтың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқығы мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекет және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады. Қоғамдық сана-сезімнің басқа нысандарына қарағанда құқықтық сана адамдардың ой-өрісіне, рухани ойлану процесіне өте зор әсер етеді. Себебі құқықтық қатынаста адамдар нормативтік актілерді бұлжытпай орындаулары керек, екі жақты құқық пен міндет бар, дұрыс орындалмаса, жауапкершілік бар. Сондықтан құқықтық қатынастардың субъектілеріне түсетін ауыртпашылық айтарлықтай мол[1].

Жоғарыда айтылғандай құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі қоғамның өміріндегі маңызды мәселе болып табылады. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сана әлеуметтік нормативтік реттеудің маңызды элементі болып табылады, сонымен қатар олар қоғамның өмірін басқаруға негіз болады, яғни, мемлекеттік биліктің жұмыс істеуінің конституциялық және құқықтық негіздері, басқару жүйесі ретінде қалыптасады. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру процесінде заңға, құқыққа, азаматтардың өз құқықтары мен міндеттеріне мемлекет пен қоғамға деген оң көзқарас қалыптастыру басты міндет болып табылады. «Әлемді өзгерткіңіз келсе - өзіңізден бастаңыз» демекші Ел басымыз қабылдаған құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы дамытуға бағытталған бағдарламаларды насихаттау және оны жүзеге асыру арқылы елді, жалпы қоғамды дұрыс жолға бағытаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бирманова А.И. «Қазақстанда құқықтық сананы жақсарту бағыттары» <https://articlekz.com/kk/article/15605>
- 2 Еликбаев Н.Е., Еликбаева Л.Н. Правосознание и правовая культура в Казахстане: проблемы теории [Текст] / Еликбаев Н.Е., Еликбаева Л.Н. // Вестник Карагандинского юридического института Министерства внутренних дел Республики Казахстан. – 2004. – Выпуск 2(10). – С. 140-145.
- 3 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 17.04.2017 ж. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
- 4 Айдарбекова Г.Б. Функциональная характеристика правовой культуры общества и правосознания в теории права [Текст] / Айдарбекова Г.Б. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2011. – №4(60). – С. 36-39.
- 5 Бельский К.Т. Социалистическое правосознание: диалектика

ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Шакирова А.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.

Ысқақ А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультетінің 3 курс студенті

Мемлекетімізде қазіргі таңда қоғамның қарқынды дамумен қатар, жас ұрпақтың әлеуметтік бағытталуы және азаматтық қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау арқылы барлық саланы жандандыруда. Сондықтан қоғамның әр саласында түрлі мақсаттар қойылып, оларды шешуге арналған міндеттер атқарылуда. Тәрбие мен білім беру саласында да жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар анықталып, жеке тұлғаны қалыптастырудың жаңарған модельдері жасалуда.

Жастар арасындағы тәрбие жұмысын тиімді жүргізу - бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып отырғаны жасырын емес. Әсіресе, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың